



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИСКУССТВ



Айлық журналы
Ежемесячный журнал
24.10.2017



Қазақтың жүрегі тоқтамасын, өнердің жүрегі төқтамасын деп отырғаным сол. Өнерін өлтіріп алған қазақ ел болып онбайды, елінен айнып қалған жүрек-жүрек боп соғып жарытпайды. Екеуі бөлінбес бір бүтін, тұтас дүние деп есептеймін. Ендеше, жүргіміз тоқтамасын!

Әшірбек Сығай

Ағалар алқасы:

«Шабыт» журналының негізін қалаған:

Сығай Ә.Т. - Қазақстанның еңбек сінірген өнер қайраткері, профессор

Мұсаходжаева А.К. - Қазақстанның халық артисі, профессор

Дүйсекеев К.Д. - Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, профессор

Мұқанова Р.К. - Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері, профессор

Мұқышева Н.Р. - өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор

Юсупова А.К. - өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент

Асылбекова А.М. - өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент

Қадыралиева А.О. - өнертану ғылымдарының магистрі, театртанушы

Редакция мүшелері:

Бас редактор: Бақытбек Рухия

Редактор: Егеубаева Еңлік

Дизайнер: Тоқтар Жетпісбай

Фотограф: Мамбеталиев Саян

Тілшілер: Ризабек Арна

Рахметуллаева Илан

Отарбаева Айгерим

Жумадилова Малика

Жаркенова Жұлдыз

Мұратбек Жақсылық

Редакцияның мекен-жайы:

Байланыс телефоны: 87074825011

Редакцияның басылым бөлімі

Мекен-жайымыз: Астана қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 50, 2 қабат №237

E-mail: shabyt_zhurnal@mail.ru



Алғашқы әсер немесе дәстүрлі Ес-Аймақтаң маусымның шымылдығын түрді	2
Тозбайтын, өшпөйтін өнеге	5
Фестиваль органной музыки, посвященный 50-летию органныго класса Казахской национальной консерватории имени Курмангазы	6
Кеш	7
Армандар орындалады ...	12
Бұғынгі анимация туралы	14
«KN» ұсынады.....	16
Босқа етіп жатқан уақыт....	18
Сенім жолында	19
«Қазіргі уақыттағы қазақ қоленеріндегі құс бейнесінің ерекшелігі	20
Город, где растут личности ..	25



Жаңында
жур жақсы
адам

4-бет



Төркіз жыл
күткен
жеңіс...

10-бет



Отечественный
браќ

23-бет

Алғашқы әсер немесе дәстүрлі Ес-Аймақ, жаңа маусымның шымылдығын турді

Оқу ордамыз студент жастардың білім көюжиегін кенейтумен қатар, мәдени-рухани өмірлеріне де үлес косуды максат етеді. Ай сайын еліміздің мәдениетіне енбегі сінген тұлғалармен кездесу өткізіп, шығармашылығымызға шабыт сыйлайтын рухани кештің етуі сонын дәлелі. Бастауы ғасырдан ары жаткан бірлестіктің отын сөндірмей, ізін жалғушы әрі бүгінгі жас буынға аманаттаушы театр сыншысы, профессор Әшірбек Сығай екенін де жаксы билетінмін. Оқу жылы басталғалы «Ес Аймақ» жайлы жиі естіп, осы жолы кіммен кездесу өтетінін және қандай форматта болатынын ойша көз алдыма елестетіп те жүрдім. Сан түрлі ойды артка тастанап екі аялда дегендеге аталған күн де, аталған сағат да жетті.

11.10.17ж. 11:00 де кездесу кешіміз бастау алуы керек болатын. Сағат тілі 10:52 көрсетіп тұр. Көрермендер де лек легімен келіп, орындықтарға жайғасып жатты. Әдеттегі кездесулерде көрермендерді сарылтып қойып, аталған уақытта 20-25 минут кешігіп келетін, уақыттың тығыздығын алға тартатындар біршама зияның қауымға етіміз үйренген «алға басталмайды гой», - деген ойдан да алыс болмағанымыз жасырын емес. Қателесіппін. Ойлы жузі мен сабырлы кескіні үлкен ойга жетелейтін осы бір талантты тұлға бізді Өзі құтіп тұр екен. Бұл оқу орнында алғашқы рет кездесуге қатысып отырған мениң де ойым жинақталмай, жаңымдағы студент достарыма да назар сала сыни көзben қарап отырдым. Осылай сан сакқа шашырап отырған ойымды бір сәтте жиып алып, денемде ток еткендей дір өткізіп, жуапкершілік пен сенімді

бірдей сезіндірген сәт көгілдір экраннан «Ес Аймақ» мәдени-танымдық бірлестігі жайындағы видео жазбаның көрсетілуі еді. Әлдебір рух пен ішкі сенім сыйлаган осы жазбадан кейін өзімді еркін сезіне бастиадым. Әдеттегідей жүргізушиң ресми сезінен бастилып, кеш қонағы да таныстырылды. Жайғасқан қонағымыз әңгімесінің әлкисасын шығармашылығы жайты толғап кеттеп, кеш қонағы ретінде шакырганымызға алғысын білдіріп бастиаудан ендігі айтар әр сезін ешбір кітап пен ғаламтордан таба алмайтынымызды ұққандаймыз. Одан әрі «Әнер деген жүректен шығып жүрекке жетуі керек.

Жүректерінізбен түсініп осында келіп отырған әрқайсынызға раҳмет» деп сезін жалғаған таудай талант иесінін «Ұлылық қарапайымдылықта» деген сезінді дәлелі екеніне күмәніміз қалмады. Байқайсыз ба, әдетте, шынары әнердің жанашыры, жан-тәнімен әнерге бар жүргегін арнаған нағыз таланттардың тұр әлпеті, әдеттегі біз секілді қарапайым адамдардан әлдекайда өзгеше келеді. Рас. Өзгеше болғанда да сондай бір-ак рет көрсөн жадыннан өле өлгеніше ұмтылмайтын, әлдебір мұн әсеремесе өкініш табы бардай сұраққа толы жанағы нұрға тұнып тұратын. Иә, бірақ ондайлар санаулы. Себебі, нағыз таланттар санаулы. Осында санаулылардың бірі әрі бірегейі, тұрасынан тіке сейлейтін, жалпактаудан аулак, қазактың бағына біткен әнер иесі, композитор, КР енбек сінірген қайраткері Кенес Дүйсекеев. Дүйсекеев кешіміздің қонағы болған еді.

«Мен әнерге кеш келген адаммын», - дегенімен, композитор бойындағы ән әнеріне деген маҳабbat пен бойындағы таланты анасының ак сүтімен келген сөзсіз. Өзі өмірге келген шайырлар мен дүлділдер мекені жыр елінің де табиғатына ән әнерінің жақын болуына ықпалы тимеуі мүмкін емес. Сұхбат барысында да бала күнінде есінде қалған көптеген детальдар әннін дүниеге келуіне себепкер болғанын айттып ағынан жарылды. Кіндік қаны тамған Қызылорда өнірінде алты жылға жуық ғана ғұмыр кешсе де, сол алты жылдағы жадына токыған барлық құндылықтар 60 жылдық өміріне жетерлікте еді.

Қазактың бұлбұл әншілері Маклал Жұнісова, Роза Рымбаева сынды хас таланттарға ән жазып, казакқа кайталаңбас ғажап туындылар тарту еткенін де білеміз. «Әніме әнші таңдауда қателескен емесстін», - дейді композитор. Оған шұбә жок. Себебі, әнін Кенес Дүйсекеев жазған эстрададаның күміс көмей, жez тандайлары орындал жүрген әндерді



тыңдармандар жазбай танитыны анық. Бүгінде осы әндердің алғашкы жолын бастасақ, тыңдармандар ынылдағы жалғасын айтып кетер, Абай атамызша айтсақ есті әндердің қатарында: Р.Рымбаева «Сәлем саган тұған ел», М.Жұнісова мен С.Жұмағалиев «Ғашықтар жыры», Ж.Жексөнұлы «Өкінбесен», Жігіттер квартеті мен М.Ілиясова «Айнакел» туындылары бар.

Композитордың авторлық әуезді әндерін тыңдай отырып, ол әндердің дүниге келу себебін де естідік. Эр әнге жеке токтальып, түсіндіруге тырысқан тұлғаның әр сөзін ойланып, жас буынга керегін өлшеп-пішін сөйлегенінен текітілік тегінде бар екенін ангарып, кайран қаласын.

Әдеттегі бірсарынды сұраптар мен ресми жауаптардан өзгеше, сыр сұхбат ретінде өткен бұл кездесуде көптеген естеліктер айтылып, бүгінгі ән өнерінің жетістіктері мен кемшін тұстары да айтылды. Атап айтсақ, бүгінгі күні бір ән жазып «мен композитормын», - деп кеуде соғып жүргендердің көбеюі, композитор мен сазгердің ара жігін ажыратпа алмайтын халға жеткеніміз.

«Мен Сыр елінде, Қарақұмда көш үстінде тұған казакпын», - деп әнгімесін жалғаған композитор бүгінде Сыр өнірі мен Манғыстау фольклорінің әлі де толық зерттелмей келе жатқанын да тілге тиек етті. Арқа мен Батыс өлкесінің фольклоры жақсы зерттелген, ал мен атаган аймактарға әлі де болса зерттеулер жүргізілсе деген ойын жасырмады. Бұл шынында өнерге деген махаббат, оның аргы жағында өнерге деген адалдық еді. Ашыла сойлеп ағынан жарылған композитор музыкалық училешеңінің дайындық курсына түскенінен, консерваторияны аяктаганға дейінгі әрбір қызықты оқиғасымен де белсіп, жиналғандарды күлкіге карық қылды.

Бүгінде еліміздің ага буын аксақалдарының қатарына еніп, жеттіс жасқа аяқ басқан халықтың сүйкітісі жаңында сырын актарып, жай күйін айтқызыбай-ак түсінер достарышың сиреп қалғанын да бір ауыр курсініп барып былай жалғастырды: «Сейдолла Бәйтереков, Тілес Қажығалиев, Жолан Дастанов секілді біртуар композиторлар өмірден ерте өткені жаңыма қатты батады. Эріптестерім өмірден өткенде көбісі маган келіп көніл айтты. Кенес сен нағыз жақындарынан айырылдың деп. Осындағы катты жақын тұтатын достарымның ішінде марқұм Әшірбек Сығай ағайларын да бар еді. Бұл өмірден өткендердің әрқайсысының ішінде бір күйік кетті. Тәнір жақсы адамдарды ерте алады дейді ғой», - деп азғана үнсіз калып, одан әрі естеліктер айтсам көнілім босап кетеді деп сөзін токтатты. Осы сөзден кейін отырған әрқайсымыз соншалықты кен жүрек иесінің әппак көніліне қызыға қарадык.

«Махаббат деген менің түсінігімде қуаныш болуы керек», - деп бар әнгіменің түйін жасаған халқымыздың ән өнерінің көш басында тұрған тұлға, сан қылы соқпағы көп өнер жолында қашшама қындық пен арпалысты басынан кешірсе де, өнерге деген адалдығын жүргегінің түкіпірінде сактай білген жан.

Көніліміздің төрінен әлі біразға дейін орын алатын бұл әсерлі кездесуден түйгеніміз мол болды. Тек ән жазатын композитор емес, оперетта, симфония поэма-картиналардың авторы ретінде шет елді мойындағы жүрген осынау ұлттымыздың мактанышының жаңымызда жүргеніне шүкір дедік. Бәлкім, дәл осындағы кездесуде осындағы сөз өзге де бір адам айтуы мүмкін еді. Мәселе осында, ханның айтқанын құл да айтады, бірақ аузының дуасы жок. Дуалы сөз иесі кімді айтады? Сөзі мен ісі сәйкес келетін, елінің сеніміне ие болған кісінің сөзін айтады. Конак болған Кенес ағамыздың өз аузынан естіген әрбір сөзі мен тілегін өзге ешбір жанының сөзімен алмайтынызды түсіндік. Ұлылардың жалғасы отырған жастарға үлкен үмітпен қарады. Бұл кездесу енді кайталанбайтынын, болған күннің өзінде дәл мұндай әсермен әнгіме өрбітпейтінімізді сезіп, ішім алабұртып сала берді. Алғашкы әсерімді мәнгі есте сактап калу үшін қағазға түсіргенді жөн көрдім. «Ес Аймактың» келесі отырысын да асыға күтем. Кандай әсер алар екенмін?! Сен де рухани жаңарып, жан дүниенде асып сөзбен байытқың келсе, кездесуден қапы қалма, жас дос!



Жанында жүр жақсы адам

Әуелде Алла-тағала адам баласын әзиз етіп жаратқан. Құлым деп сүйіп құрметтеген. Өзге жаратылыстан өзгеше болмыс беріп, акыл зердемен айбынын асқақтаткан. Табиғатын тазалыққа, ізгілікпен жақсылыққа бұрган. Бірақ пәни жалғанда жалғыз жаратушының жарылқау беріп жазалап, сынақ берін мазалаған сәтінде сынып кеткен тағдырлы жандар аз болмаған. Алайда күйзелсе де күтімін тауып құбірлеп, акырын жүріп анық басқан абзал жандар қаншама солардың бірі және бәрекейі, Қазакстан Республикасының өнер кайраткері, еңсөлі ел ағасы композитор Кенес Дүйсекеев болатын.



Өлді деуге болама айтыңдары,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырыған.
Ибаним Құнанбайұлы

4

Бүгінде киелі өнер шаңырағы, казак ұлттық өнер университетіндегі дәріс оқытын дара тұлғамен "Ес-аймак" мәдени танымдық бірлестігінде кезекті кездесу өтті. Кейіпкеріміз тындармандарымыздың құлағының құрышын қандырып, әуелеген асқақ әндере арқылы, калың жұртшылықтың алқауына бөлөнді. Тағдыр жолының бұралаң бұлқыныстарынан, кия беттерінен қымсынбай ғұмыр қындығының еңсерген аяулы ұстаз Кенес ағаның өмірімен шығармашылығы жан-дүниемізді тебірентіп, буығып жатқан бұлактардың көзін ашып, көнілге күдік калдырмай көсегеміздің көгеруіне үлкен ықпал етті. Саф алтындағы таза өр мінезімен, рухты әндере ала таудай асқақтап меммұндалайды. Қажымас қайсарлықпен, тынымсыз тірліктің арқасында колға келген құлын жырларының қайсы бірін айтсаңызда көнілге конымды, жаныңа жағымды-ак. Жалықтырмай, жабықтырмай жасампаз өмірғе құштар етіп, өнерді сүйуге оның қадір-қасиетін бағалауға бастайды. Универистетіміздің өз арасында ардакты ел ағаларымен айына бір өтетін марқұм қазақтың бір туар дара тұлғасы, белгілі театрында сыншысы Эшірбек Сығай ағамыздың бастамасымен құрылған "Ес-аймак" мәдени-танымдық бірлестігінде конакта болған Кенес ағамыздың тұшымды ой-толғамдары, сыр шежірелері қай қайсымыздың болсын жан-дүниемізді тебірентпей тұра алған жок. Эшірбек аға туралы ол кісінің кең парасатты тірлігімен, рухани жан-дүниесінің көрнектілігіне токтала келіп, арыстай азаматтың адалдығын, ак жүректігін арғымак аттың баласындағы, айбынды азаматтық тұлғасын сағынышпен еске алды. Кенес аға сөзін сабактай келіп:

"Мен, мен, мен едім", - деп айта алмаймын, өйткені ол ер тұлғалы Махамбет батырга жараскан. Біздің Махамбет секілді қасымызды Исатайымыз жоқ, олай сейлеу, олай айту Махамбеттің табиғатына тән"- деп ой түйсө, ән тұралы оның шығу себебі жайлы да жұрт біле бермейтін үлкен пікірді ортаға тастанды.- "Әннің шығу тарихы болмайды, шығу себебі болады. Ән белгілі бір толғаныстан туатын, тәнірден берілетін тағдырлы дүние. Көп журналистер маған әннің тарихынан аз сыр шертсөніз деп қолқалайды, сонда оларға қарап отырып қатты карынам ашатыны бар", - дейді кейіпкеріміз. Түйіндең келгенде Кенес ағамызбен өткен кездесу, кең толғам, шынайы маҳаббат, үлкен парасатпен, өз биігінде, өз денгейінде теренге беттеп тебірентіп, жан-дүниемізді елжіретti. Сабылған сағынышмызды салиқалы сарынға салып, әнмен әуелетті. Өскелен үрпак бойын рухтандырып, тәуелсіздігіміздің тарланы болуға жігерлендірді.

Жаксылық МҰРАТБЕК
«Кинотеледраматургия» мамандығы 1 курс

Тозбайтын, өшпейтін өнеге

Шешенниң күн жетпес касиеті – шешендік сөздері. Шешендік өнердің қоғамда орны әркашанда елеулі, тәрбиелік мәні зор. Сан ғасырлық тарихы бар шешендік сөздердің маңыздылығын насихаттай отырып, сөз құдіретін, сөз саптауларын терең түсініп, ойды ойлы да әдемі, шешен жеткізе білудің қажет екендігін, үрпак тәрбиесінде түсіндіруіміз ләзім. Бұғынгі таңда әрбір саналы казак азаматы халқымыздың сара жолынан, бишешендеріміздің тұлғаларын танығаны жөн.

Біле білсек: "Сөзді – киелі, касиетті", - деп таныған халқымыздың дуниетанымы, мәдениеті, тарихы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, философиясы да осы сөз құдіретінде. Ол рас. Сондыктан да шешендікпен, көркемдікпен, әсерлі етіп сөйлеуді ірі дәстүрге айналдырысқа, нұр үстіне нұр деп білемін.

Алайда, казіргі жастарымыздан тілімізге көрік беретін әсерлі, жағымды, сыпайы сөздерді есту киынан. Көпке күл шашкым келмейді, десек те, мектеп оқушылары мен студенттердің арасында жүргенде, катты байкалады. Бәлкім, мектеп кабыргасындағыларға "Шешендік өнер" пәнін жүргізіп, жіті қоңіл боліну керек шығар. Шешендік сөздерге байланысты еңбектер аз емес. Мәселен, "Шешендік сөздер", "Бес гасыр жырлайды", "Бабалар сөзі", "Сөз тапқанға қолқа жок", "Тозған қазды топтаған қарға жейді", "Билер сөзи", "Билер сөзи – ақылдың көзі", "Шешендік өнер", "Ел аузынан: шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз-әңгімелер", "Қазактың шешендік сөздері" т.б. сынды топтамаларын, тіпті, керек десеніз, республика көлемінде шығатын ғазет-журналдарды да атауга болады. Жұырда жарық беретін, Казак ұлттық өнер университетінің Корқыт ата атындағы ғылыми-зерттеу институтының жиырма бес томдық «Қазак өнерінің антологиясы» жобасы аясында, шешендік сөздер бойынша бес том құрастырылып, жоғары деңгейде аяқталуда. Еңбектер, әрине, институт директоры Мырзатай Жолдасбековтің жетекшілігімен жүзеге асуда. Шешендік сөздер бұрындары да басылып шыққанымен, ел ішінде жиналмай жүргендерін жинастырып, накты шешендік сөздерді топтастырып, еңбектердегі жанрішілік жүйелену қайта қаралып, ғылыми айналымда жаңа көзқараспен жұмыс жасалды. Қалың көпшілікке ұсынып отырған жинактарда, аталған би-шешендеріміздің барлығы да, сөз бастаған шешендігімен, ел бастаған көсемдігімен, киыннан киыстыра ұтымды тапқырлығымен, ел арасындағы жер, су, күн, жайлау, қыстау, еңбек жөніндегі талас-тартыстарға араласып, әділ төрелік айтқан, өзіндік орны бар, қайталанбас тарихи тұлғалар. Олардың бізге жеткен ғаклия сөздерінің үрпак тәрбиесінде септігі мол.

Сөз шеберлеріміздің шешендік сөздерін, жан-жакты ерекшеліктерін: А.Байтұрсынұлы, М.Ж.Көпееев, С.Сейфуллин, М.Әуезов, Б.Адамбаев, Н.Төрекұлов, С.Негимов, Ж.Дәдебаев, С.Дәүітов, Т.Кәкішев т.б. сынды ғалымдар өз еңбектерінде жан-жакты зерттеулер жүргізіп қарастырған. Б.Адамбаевтың шешендік сөздер жанрына коскан үлесі ауыз толтырып айтартылтай мол. Б.Адамбаев, М.Тілеужанов, М.Ж.Көпееев, Ж.Дәдебаев т.б. ғалымдардың әр жылдары ел арасынан жинап хатқа түсірген материалдары, қолжазбалары қаншама еңбектердің жариялануына мұрындық болды.

Би-шешендердің барлығы дерлік, иғі жақсылармен жүздесін, олардың ғаклия сөздерін, өситеттерін тыңдал, сөз айттыста сынға түсіп, сөз өнеріне ерте тәрбиеленіп жүрген. Ал абыз-аксақалдар оларды, билікке араластырып, билік айтқызып, жүргізген биліктеріне, тапқырлықтарына үн қосып, құлак түріп отырған. Демек, от ауызды, орак тілді, әділқазы шешендеріміздің қай-қайсысын болмасын билікке ерте баулыған. Олар жастайынан сан алуан мәселелерді шешуде өз ойларын еркін жеткізіп, ал, есейтпен шактарында ел арасындағы талай дауларға әділ төрелік айтЫп отырған. Олардың бірі – ел бастаған көсем, енді бірі – қалың жауга карсы шапқан батыр, шабандоз, мерген, саяткер, енді бірі – ердін құның екінші сөзден шешен, бірі – халықты ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған рубасы бодса, енді бірі – дүйім жүртты ауына қаратқан би.

Қазак тарихындағы, қазак әдебиетіндегі би-шешендеріміздің шешендік сөздері қазактар арасындағана емес, қырғыз, өзбектерге де белгілі. Қытай, Монголия елдерінде коныс тепкен қазактар да шешендік сөздерімізді жаттап, жазып, оқып сусындал жүр.

Шешендік сөздердің барлығында дерлік тәрбиелік мән, үлгі, өнеге ете зор десек. Би-шешендеріміздің беделі және де ділмәр сөздері біз үшін кашанда биік, аскак. Ғасырлар бойы ғакталып, бізге жеткен және бізден кейінгі үрпакқа да мұра болып қалатын, сөз шеберлеріміздің ділмар сөздері сөйлеу мәдениетімізді игеруге кашан да үлесі зор.

Айкерім БИМЫРЗАЕВА

Фестиваль

Фестиваль органной музыки, посвященный 50-летию органного класса

Казахской национальной консерватории имени Курмангазы

В прекрасном городе Алматы прошел знаменательное событие для мира классической музыки Казахстана, связанное со славной музыкальной историей исполнительства. Юбилей отмечала отечественная органная школа, образованная еще в 1967-м. Именно в этом году мастерами немецкой фирмы «Alexander Schuke» был установлен первый орган в Большом зале Государственного института искусств им. Курмангазы.

Юбилей ознаменовался чередой праздничных концертов. Они проходили на протяжении четырех дней, с 28 сентября по 1 октября, в стенах Казахской национальной консерватории имени Курмангазы. На первом концерте была представлена музыка, написанная для органа и камерного оркестра. В этот вечер прозвучали произведения композиторов разных эпох – И. Альбрехтсбергер, Г. Генделя,

И. Райнбергера, А. Бызова. Это говорит о популярности органа как солирующего инструмента в разные временные отрезки истории. Во всех произведениях на первый план выходили тембральные краски органа, они гармонично сливались или же, напротив, контрастировали со звучанием камерного оркестра студентов консерватории. Солисты – Заслуженный артист РК Габит Несипбаев и лауреаты международных конкурсов Адиль Несипбаев и Мария Омирбекова – раскрыли всё тембровое богатство органа.

Во второй и третий день фестиваля на сцене выступали студенты консерватории и Казахского национального университета искусств. Молодые учащиеся представали в роли солистов. Они имели у публики большой успех, покорив их глубиной трактовки, виртуозностью, артистизмом и харизмой. Органисты отыграли большую часть произведений из мирового органного «фонда»: прелюдию и фугу C-dur Д. Букстехуде, канон И. Пахельбеля, фугу И.С. Баха, токкату Т. Диобуа, вариации Ф. Листа и миниатюры композиторов Казахстана.

В закрытии фестиваля принимали участие выпускники консерватории разных лет, ныне являющиеся преподавателями органного искусства в вузах Казахстана: Л. Акшекова, С. Парахина, И. Гавриленко, Ж. Хидуанова, Л. Латышова, В. Сейтбатталова, С. Абильханова. Зрелая и мастерская игра органистов оставила

6



большое впечатление у публики. Перед зрителями предстали масштабные музыкальные полотна: И. С. Баха, Ф. Мендельсона, Л. Бэйльмана, Ж. Алена. Старшее поколение органистов дали достойный пример молодым музыкантам.

Фестиваль и череда концертов принесли огромное количество положительных эмоций и творческого вдохновения для музыкантов. А слушатели стали свидетелями исторического события и музыкального фурора в замечательном городе Алматы.

Денислам ТУЛЬБАЕВ,
«Музыковедение» курса 4

КЕШ

«Кеш» драмасының авторы - белорусь драматургы Алексей Ануфриевич Дударев.

Пьесаны қазак тіліне аударған - акын, халық жазушысы, Мемлекет және қоғам кайраткері, казактың мандайына біткен талантты тұлға Фариза Онгарсынова. Осы шығарманы аударуға не себеп түрткі болды екен деген ой келді бізге? Мүмкін, жалғыздық деғен тақырып өзінің өмірінде үлкен рөл алғандыктан ба екен, әлде ол тақырып жаңына жақын болғандыктан ба?! Өзінің тағдырына, жүргегіне жақын болғандықтан таңдаған секілді аталмыш пьесаны. Иә.. жалғыздық тек Жаратқанғағана жараскан!

Енді А.Дударевтің аталмыш пьесасының желісі бойынша Қ.Куанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазак музикалық драма театрында сахналанған «Кеш» спектакліне тоқталсақ. Қойылымның премьерасы 2009 жылы 5 наурыз күні өтті.

Пьесаны сахналаган режиссер – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген кайраткері, аталмыш театрда жұмыс атқарып, көптеген қойылымдарды қойып жүрген Ұзаков Болат Қасымжанұлы.

Біздінше режиссер осы шығарманы таңдауының өзі ете дұрыс шешім деп ойлаймыз. Терещ ой мен идеясы бар, өзекті мәселелерді көзгайтын, мағыналы сөздер мен көркем жазылған пьесаның өзі қойылуға сұранып тұрғаны анық. Б. Ұзаков туындыны сахналаган спектакльде аита кетер кейбір алып-косталарды атамасақ, аса үлкен өзгеріс жасамаған. Біріншіден, пьесадағы Гастриттің үлкен қызы, Мультиктің Гришкасы және Ганнаның Иванькасы құдықтың қасында ойнап жүргендері, ал қарттардың соларға қарап отыратын сахнасы алынып тасталынған. Екіншіден, кейіпкерлер беларусь елінің сенімі христиан дінін емес, ислам діні етіп келтіреген. Яғни, қойылымда Мультик пен Гастрит арасындағы диалогтен: «Мен сәрсенбі күні өлем, жұма күні шығарып, құран оқысындар», - сынды сөздерінен ислам шаригатын білдіретінін, белорусь емес, казак ауылдарын мысалға келітіріп отырғанының күәсі боламыз. Шішіншіден, пьесадағы кейбір диалогтердің қыскартуларын байқай аламыз. Мінеки, осы ерекшеліктер болмаса, пьесага қатты өзгертулер енгізілмеген. Ол енгізуі қажет етпейді де.

Режиссердің суретшімен жасаған жұмысы қоңіл қуантады. Қойылым суретшісі – Д.Доспаев. Пьесада суреттегендей құдық, ескі үйді сахнадан көре алдық. Құдықты шынайы етіп, «өзімдік, өзім жасағам» деп Мультик айтатын ағаш орындық та тамаша жасалған. Васильдің сол орындықта отырып, құс ұсын жасауы да оның бейнесін одан әрі айқындаі түскендей. Сол ұяны ағашқа қарай ілуінен, жоғарыдағы тұра сол секілді қаптаған ұялармен режиссер мен суретшінің айтқысы келген ойын айқындаиды. Ол ұялар арқылы әр адамның өз үйіне, Отанына оралуы керектігін айтқысы келеді. Бірінші актіде үй жанындағы Василь шығып қарайтын дөң ағаш та әдемі бір үйлесіммен ауыл атмосферасын беруге өзіндік үлесін қосып тұр. Ал, екінші актіде (антракттен кейін) ауысатын декорацияда үйдің іші, оның ішіндегі Гастрит ажал құштын пеш, Мультик бүрап тындал, тіпті сөйлесетін радиосы, орындық, жайлы төсек, шатырлап жаңып жатқан от та, тіпті суға арналған шелектің орны да өзінше бір сәйкестік тапкан.

Спектакльді музикамен әрлеп, жұмыс жасағандар – М.Мырзакұлов пен Г.Әшинова. Біздінше, музика ете орынды таңдалған. Әсіреле, Мультиктің күнмен сөйлесетін тұстагы жан тыныштандыратын музика спектакльден тамаша әсер алуға жәрдемін тигізеді. Ганна хат алып келіп: «Биле, Василь, «Бойжеткенді» биле», - деген сахнадағы қоңілді ән, сонымен коса, Ганнаның ұлының атынан Василь радиодан арнаған әні қойылымға аз да болса қоңілділік, жайдарлылық сыйлап тұр.

Ал, ендігі кезекте спектакльде ойнаған актерлердің ойынына тоқтасақ. Бірінші құрамда: Мультик – Қазақстанның Республикасының Еңбек сіңірген кайраткері А.Омар, Ганна – Қазақстанның Республикасының Еңбек сіңірген әртісі Р.Омарханова, Гастрит – Қазақстанның Республикасының



Драма

Еңбек сінірген қайраткері М.Қайсанов, екінші құрамда: Мультик – Қазақстанның Республикасының Еңбек сінірген қайраткері Б.Ыбраев, Ганна – актриса К. Қожахметова, Гастрит – Қазақстанның Республикасының Еңбек сінірген қайраткері М.Қайсанов.

Мультик (Василь) – пьесада барлық адамгершілікті бойына сінірген идеал тұлға. Ол – нағыз адамға лайыкты іс-әркеттер жасап, тек жақсылыкты көреді, тек жақсылыкты іздейді. «Мен жек көре алмаймын», – деп өзі айтпакшы, мейірімділік тұнып тұрған ол тіпті Гастритке ашуланса да, артынан оның киналып жүргендігін айтып, оны айтынын, түсінетінін аңгарамыз. Осы рөлді бейнелеуде актер А.Омар оның адалдығын көрмененге жеткізе білді деп ой қорытамыз. Гастритке қатты ашуланған сэттері бар, әрине, ол болуға да тиісті. Дегенмен Мультиткін адами қасиетін, адамгершілігін жеткізе білді. Әсіресе, Ганнаға ұлының атынан хабарлама жасағанын Гастрит айтып койғандагы киналысын, ұяңдығын тамаша жеткізді деп білеміз. Сонымен коса А.Омардың ойынынан каншама жылғы киындықтарды жеңе білген, әлі бойында бар қайраттылық пен Ганнаға сезімін білдіруге ұялып жүрген ұяңдығын байқауға болады.

Ал, екінші құрамдагы актер Б.Ыбраевтің ойынынан біз жігерлілікті, туған жерге деген сүйіспеншілікті, еңбекқорлыкты, ең бастысы мейірімділікті байқай аламыз. Дегенмен, актердің Мультитігі белорусь емес,

казақтың қарапайым аксақалына ұксап кетстін тұстары көп. Б. Ыбраевтің бейнелеуіндегі ең әдемі әсер ететін тұс – ағашқа шығып, дауыс шыққан жакқа қарап, үмітпен, сағынышпен, мейіріммен қараган жері. Расымен де балалары қазір келіп қалатындағы тағатсыздана қараганда, тебіренбеу мүмкін еместей. Актер бейнелеуінен жан жылұын адамдарға сыйлай алатын, қарапайым қарияны көре алғанымыз анық.

Ганна – каншама зұлмат заманды басынан өткөрған, соғыста да жүріп, үш баласынан, күйеуінен айрылыған, жалғыз ұлы хабарсыз кеткен бакытсыз кейуана. Алайда, бакытсыз дегенге аздал келіспеуге болады. Себебі оны сыйлайтын, құрметтейтін, жақсы көретін екі көршісі бар. Өзі сөзге сенгіш аңғал, еңбеккор, жұмыссыз отыра алмайтын, тіпті бұрынғы әдеті бойынша бір шелек толтыра су алатының өзі сүйсіндірмей коймайды. Марқұм жолдасын сыйлаганы соншалық, суретінен




рұқсат сұрайтынын қайтерсің?! Осы бір картаны актрисалар Р. Омарханова мен К. Қожахметованың бейнелеуінде көрдік. Бізге кейуананың жан дүниесін, ішкі киналыс пен тағдыр тауқыметтің көтеруін көрсетуде актриса Р. Омархановың ойнауында көnlімізге конды. Әрине, актрисаға осы рөлді ойнау оңайға сокпаган болар. Қыын-қыстай кезеңдердегі азапты құндерін қайта еске алуға тұра келсе де, актриса қайсарлықпен, тіпті, Мультиткі билететін тұста, бірінші бөлімнің сонындағы екі карттың өзіне таласатын тұсында әдемі әзілді де бейнелеп, көрмерменің ыстық ықыласына беленді.

Осы спектакльде пьесада баяндалатындағы өзі арық, тұр-әлпетінің өзі келіспеген, тек өз пайдасын ойлап жүрген кейіпкер бар. Ол – Гастрит. Біз әсіресе осы актер тұра өз рөлін тапқанына ризамыз. Труппада бұл кейіпкерді өз деңгейінде бейнелеп, тұр-тұлғасы келісетін актер осы – М. Қайсанов. Кейіпкер: «Мен әрдайым жартылай өмір сүремін», – дейді бір сөзінде. Бәрі өзі айтқандай болып келе жатса да, ақыры олай болмай шығатынын мысалға келтіреді. Мысалы, әйелінің өзін емес, Андрейді жақсы көргеніне қарамастан оған үйленгендейдігін, кейін өмірінің сонында Андрейді өмір бойы сүйгендігін естігенін айтуы да оның «жартылай» бакытты болғанына дәлел бола алады. Өзінің бір сөзінде: «Мен балаларыма дұрыс тәрбие бере алмадым, сондыктан олар маган ай сайын тек каржылай көмек берін

отырады», – дейді. Микита бакытсыз жан екенін түсінеді. Мінезі жаман, бұрын көп кателік жасаса да, пендешілігі көп болса да, ол Мұлтықтің өміріне қызығады, оның адаптациясын сүріп, көп жақсылық жасайтынын байқайды. Өмірінің соңында ол сол баяғы Мұлтықтің іздеп, соның касындаған тыныштық табады. Оның көп адамға керектігін, Ганнаға оған қамкор болуын айтатын сахнасынан Гастрийттің тым болмаса өмірінің аяғында жақсы болғанын көрсетеді. Эр оқырман, әр кейіпкер осы Микитаның өмірін көріп, өз өмір сүру салтын, бағытын, жолын бағдарлап, жақсы күн кешуге асығады деп сенемін. Біз де осы кейіпкер арқылы «жартылай» өмір сүрмеуге, жақсыға тек ажад келгендеған айналудан аулак болуды үйрендік. Тіпті, пьесаның такырыбы да кеш деп аталуының себебі: кеш калмай, өмірдің мәнін түсіну, кеш калмай, дұрыс тәрбие беру, кеш калмай, дұрыс өмір сүру дегенді білдіретін секілді.

А.Дударевтің «Кеш» драмасы – өміршең туынды. Ол әлі Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазак музикалық драма театрындаған емес, талай театрларда сахналануға сұранып тұрган шығарма деп білеміз. Өзектілігін ешқашан жоймайтын осы бір спектакль қаншама көрермендерге рухани азық болары хақ.

Ләззат АЛПЫСБАЕВА
«Театртану» мамандығы 4 курс



Тоғыз жыл күткен жеңіс...

Казақ ұлттық университеті талантты жастардың, дарынды онерпаздардың ордасы. Сол дарынды онерпаздар ішінде эстрадалық вокал мамандығы бойынша оз білімн шыңдаған жүрген А.Жұмабаевтың «Жаңа есім» айдарымызга берген сұхбатын ұсынамыз.)



Тұылған жылы-1992 жылы қазан айының 16-шы жүлдөзы.
Әкесі: Шалқар, Анасы: Жанат
Устанымы: Қандай жағдай болмасын
енсенді тік ұста!

Еңлік: Айдын аға, қайырлы күн! Сізден бір-екі ауыз сөз сұхбат алғымыз келеді. Сіз қай жердің тұмасысыз, ата-анаңыз кім болған?

Айдын Жұмабаев: Сәлеметсіздер меге? Өзім жайлар айтсам есімім – Жұмабаев Айдын Шалқарұлы. Атырау облысында Сарытогай деген кішкентай ауыл бар. Сол жерде дүниеге келдім. Өнер адамдарының қебісінің әкесі әнші, болмаса анасы әнші болады гой, ал менің отбасымда ондай болған жоқ. Әкем қарапайым жүргізуши, анам – дәрігер. Отбасында үш агайындымыз, үйдің кенжесіміп.

Рухия: Өнер жолына қалай келдіңіз?

Айдын Жұмабаев: Мен ең бірінші әншілікке келгенімді Алла Тағаланың сыйы деп білем. Басында әншілікке барам дегенде әкем қарсы болды. Менің отбасым, негізі механиктердің отбасы(жымиып). Әкем бірден қарсы болды. 2008 жылы 9-шы сынып бітірген шағымда Атырау музикалық академиясы оқуға шақырды. Үйге келіп, оқуға барам деп жүрген кезімде әкем «Бармайсың!» деді, сосын амалсыздан техникалық колледжге тракторист мамандығына түстім. Тракторист деген дипломым бар (кулді). Колледже үш жыл оқып, тәмамдағасын, диплом алған күні түнде қалаға келіп, ертесі күні академияға дипломымды тапсырдым. Дәл сол жылдары бір колледж дипломы барabitуренттерде екінші рет колледжге алмайтын заң шығыпты. Сол кезде жолым болды. Менің дауысымды тыңдалап, академиялық вокал класына қабылдады. Колледже оқып жүрген кезде Астраханнан профессорлар келіп, мені тыңдалап, Астрахан қаласына консерваторияға шақырды. Кейін Алматы консерваториясынан да шақыру алды. Осы қаншама шақыртулар ішінен мен өз түйсігіме сеніп, эстрада жанрында ән шырқасам екен деген оймен осы университетге оқуға тапсырдым. Кеңес аға мен Сембек Жұмағалиевтердің сынынан өтіп, грантқа түстім.

Еңлік: Аға, қазіргі кездері қаншама конкурстардың лауреаты атанып, көптеген дүбірлі додаларда топ жарып жүрсіз. Ал, мектеп қабырғасында қандай да бір жарыстарға катысып па едіңіз?

Айдын Жұмабаев: Бір қызығы мектеп пен балабақшада ән айтып көзге көрінген балалар қатарынан емеспін. Негізі әншілікті 8-9 сыныптарда бастадым.

Рухия: Сол кездері үлгі тұтқан әншілеріңіз кімдер еді?

Айдын Жұмабаев: Ең алғаш теледидардан МузАрт тобын көріп қатты қуандым, оларға қарап бой түзей бастадым. Одан кейін орыс эстрадасын кейін шетел әншілерін қарап, жан-жақты іздене бастадым. Бірақ ең алғашқы үлгі тұтқан ағаларым осы ұлы қазак даласының дарындылары! Ал қазіргі кездегі кумирім Stevie Wonder деген керемет американдық әнші.

Еңлік: Өнер жолындағы ұстаздарыңыз туралы бір ауыз сөз

Айдын Жұмабаев: Атырау қаласында белгілі композитор -Болат Қалқаманов менің өнерге келуіме өз ықпалын жасаған еді. Даусымды балтап, қазіргі деңгейіне келтірген менің ең алғашқы ұстазым Ерлан Мерекенов. Ол кісіге Алла разы болсын, бар жұмысын, бала-шагасын тастап демалыс



байқау болды. Себебі 9 жыл бойы өзіміздің университетімізден топ жарып шыққан студент болмаған екен. Бабым да бағым да қатар шауып сол байқаудан бірінші орын иелендім. Бұйыртса келер жылы сол байқау біздің оку ордамызда өтетін болады.

Еңлік: Артыңыздан келе жатқан іні-карындастарыңызға қандай ақыл-кенес бересіз?

Айдын Жумабаев: Өнер адамы үшін бастысы мамандығына деген махаббаты. Қандай жетістікке жетсе де сол жолда бірге тер төккен ұстаздарын, ата-анасын ұмытпауы керек деп ойлаймын. Бастысы өнер адамын өсіретін де өшіретін де халық екенін ұмытпау керек. Бұл сөздер бір жағынан өзіме де арналады...

Рухия: Аға, алтындей уақытыңызды бөліп, бізben сұхбаттасқаныңызға көп рақмет. Сізге шығармашылық табыс тілейміз. Университетіміздің таланты шәкірті екенінізді дәлелдеп, барша қазак еліне саф өнердің шынынан көрініңіз дегім келеді!

күндері менімен жұмыс жасайтын. Ал қазіргі кездегі ұстазым Сембек Жұмағалиев.

Рухия: Эстрада жанрын таңдаған соң барлық жанрында бірдей көсілүлерінің керек. Бірақ өз жаныңызға жақын жанр қандай?

Айдын Жумабаев: Иә, шынымен де барлық жанрда ән айтамын. Ал, жаныма жақыны джаз-рок.

Еңлік: 2016 жылы қатысқан конкурстың гран при негері атаныпсыз. Сол байқаудағы қызықты сәттеріңіз

Айдын Жумабаев: Дәл байқау күні сахнага шығып келе жатқанда бір қызық жағдай болды (күліп) Қолыма микрофонымды алып, шыгуға дайындалып түр едім. Микрофоным істемей қалды, менің сахнага шығуым керек...жан-жағыма алақап қарай бердім. Сахнаның сыртын айналып жүгіріп журмін. Ақыры сахнага шығып Сембек Жұмағалиевтің репертуарынан Кенес ағанын «Ғашық әнім» туындысын орындағым. Өзімде шок болдым (күліп) Ең қызығы соңғы болып қатысуға етініш беріп, ең бірінші орынды иелендім.

Рухия: Ең соңғы қатысқан байқауыңыз қандай?

Айдын Жумабаев: Осы шілде айында Т.Жүргенов атындағы өнер академиясында университет аралық эстрада әншілерінің байқауы етті. Ол байқау тек мен үшін ғана емес университет үшін де ерекше



Сұхбаттасқандар: Бақытбек Рухия «Театртану» мамандығы 1 курс
Егеубаева Еңлік «Кинотану» мамандығы 1 курс

Армандар орындалады...

Әшірбек Сыгай: «Әнші-актердің дені тойда жүр. Масан ортада жылтындаپ жүрген артис саҳнада да сүрінеді. Бізде той жағаламай, өзін-өзі сактайтын жігіттер аз... Әділ Ахметов сол аздын өкілі»

"Жок, шешім қабылдадым, мен актер боламын! Мені күнде теледидардан көрсетеді. Иә, апам күнде: "Жетпіс жеті күн", "Ұят болмасын", «Біздің көшениң тұрғындарын» көріп отырып, арасынан мен шыға келген сэтте, қуаныштан көзіне жас алып, марқайып қалатын болады. Атам мен апам ғана емес, барлық ауыл мені көретін болады. Көгілдір экраннан күнде көрініп тұрсым керемет емес пе? Иә, актер болғым келеді..."

Шынайы ниеттеніп қарекет қылсан, армандар орындалады. Бұл бала Әділдің арманы болатын. Кейіннен "Қымызхана" да шығып жүрген сәттерінде іштей уф, жеттім-ау деп кайталаған кездері де болса керек. 1984 жылы Алатаудың баурайында дүниеге келген Әділ сол таудың бійктігіндегі алдына максат коя білді. Атасы мен апасының қолында өскен Әділдің таланты, бала кезінен байқала бастаған, балғын балалығында байкалған өнері бүтінге дейін өзінің ырқына бағындырып келе жатқандай. Мектепті ойдағыдай тәмәмдаған Әділ 2002 жылы Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының актерлік бөліміне



окуға түседі. Жас таланттың бағына орай ол дарынды, ұлағатты ұстаз Қазақстанның еңбек сіңірген кайраткері Нұрқанат Жақыпбайдың алдына тап болады. Ұстазының айтуынша: "Әділ тек өнермен шектелмеді, ол еңбеккөр болатын. Жас болса да өте көп біледі, көп оқыған, әдебиеттен де хабары мол", - деседі. Алғаш үлкен саҳнада ойнаған рөлі Гогольдің "Ревизорындағы", - Дуанбасы. Жалпы, театрда жиырмадан астам көрермен есінде қалатында, ұтымды бейнелер жасап үлгерген. Әділдің талантына ешкім шұбә келтіре коймас, дегенмен, театрға жиі барып байқағанымыз, актер аздаپ бір сарындылық ұрынып бара жатқанын. Мысалға алсак, "Ревизордағы" Дуанбасы мен "Асауға тұсаудағы" Петручио. Атақты Гоголь мен Шекспирдің каламынан туған бұл классикалық шығармалар - аса үлкен мән беруді талап ететін туындылар. Дуанбасы сондай маңғаз әрі өз былығына өзі байланып жүретін, ештеңенің байыбына бара бермейтін анқау болса, ал Петручио, керісінше, ер мінезді, ешкімге есесін жібермейтін, Катаринадай керімді өз дегеніне бағындырған азамат. Екі шығармада бір-біріне ұқсамайтын екі түрлі образ болғанымен, саҳнадағы актердің ойнауында ұқсастық бар. Осыған ұқсас бейнелерін "Шырақ жанған түн" және "Сұлу мен суретші" спектакльдерінен де байқап жатамыз. Бірсарындылық дерптің бастамасы осылай кете берсе, таптаурындылық (штампка) әкеліп соғуы ғажап емес. Келешекте осы дерпті асқындырmas бұрын айығудың жолын тапса деген тілек бар бізде. "Алғашкы махаббат" спектакліндегі ауыл жігітінің бейнесін кескіндегеніне карап, бір куанарымыз өзгеше сүрлеу таба

білген. Әлбетте, көрермен алдында мысық болып "мяулап" жүргені жеңіл әзіл болып көрінуі мүмкін, ал, шын мәнінде, ол кейіпкердің айтары жок емес. Ауылдан шыққан қашама діни сауаты жок азamatтар дәл солай балактарын қыскартып, бала сақалын шошайтып, "МашАлла" сезін кажет емес жерде кор қылып жүргенін жасыра алмаймыз. Әрине, Әділ - жас актер. Театр сахнасында жүргеніне он жыл да бола қойған жок. Болашакта әлі де жаңа бейнелерді шарықтау шегіне жеткізе орындал, кешегі Қалибек Куанышбаев, Әнуар Молдабеков, Нұрмұхан Жантуриндер сынды корифейлердің салып кеткен даңғыл жолын жалғайтынына бек сенеміз.

Ал філімдегі алғашкы рөлі "Кек тегі" Дүйім Қара батырдың жастық шағын бейнелегенімен, халықка алғаш "Астана - маҳаббатым менің" філіміндегі басты рөл Ерланның образымен танылған. Сонымен катар: "Лаве" (Әділ), "Қалжа" (Дастан), "Армандастар" (Арман), "Алдар Қесе" "Қасым хан", "Жаужүрек мың бала" (Райымбек батыр), "Цена свободы" (Асхат), "Сұнкар" (Азамат), "Қара шанырак" (Дәүлет), "Анаға апарап жол" (Ілияс) сынды фильмдерімен белгілі. Әділ экранда он беске жуық кейіпкерді сомдаған. Онын көбі - басты рөлдер. Осы жылы тұсауы кесілген "Анаға апарап жол" філіміндегі Ілияс рөлімен тек қазақ көрермендерінің ғана емес, шетелдіктердің де көnlінен шығып жатқаны - актердің азды-көп еңбегінің арқасы. Актерлік өнерінен былай, ол - қазірде еліміздегі маңызды іс-шараларды және халықаралық жиындармен қоса, аукымды жобаларды жүргізіп жүрген тәжрибелі жүргізуші.

Әділдің сұнғак бойына, кең жауырынына, түр-тұлғасына, күніренген дауысына, өз-өзін кез келген ортада еркін ұстаудың қарап тұрып, актер болмауға хақысы жок деген ой санаңызға бірден сап ете қалатындағы көрінеді. "Театрда болсын, кинода болсын біраз кейіпкерлерді сомдадым, десек те дүйім жүрттый толықканды мойындааттым деп айта алмаймын, көп дүниелер әлі де жетіспейтін секілді. Алла амандығын берсе, болашакта керемет бір аты аңызға айналған тарихи тұлғаларды ойнағым келеді. Хан болсын, көсем болсын, батыр болсын". Шынайы ниеттеніп, карекет қылсан, армандар орындалады. Бұл - қазіргі кино және театр актері, талантты жүргізуші, "Дарын" Мемлекеттік жастар сыйлығының иегері қазірғы Әділ Ахметовтың арманы. Арманы адастырмай, сонау балалық шактағы мақсаты мұратына жетелесін дегіміз келеді. Армандар адастырмайды...

Хакім ХАСАМБАЙ
«Театртану» мамандығы 4 курс

13



Бүгінгі анимация туралы

XIII халықаралық «Еуразия» кинофестивалінде «Ен үздік кыскаметрлі фильм» номинациясы бойынша ғран-при иеленген «Ит» атты анимациялық фильмінің режиссері Мейіржан Садыбаймен сұхбат.

– «Ит» кыскаметрлі анимациялық фильмін түсіруге не түрткі болды? Сізді оған жетелеген не нәрсе?

– Жамбыл облысында қоғамдық дәретханадан табылған тастанды нәрестенің оқиғасы жаңыма катты батты. Және сондай оқиғалар көбейіп кетті. Осыдан кейін неге адамның өмірі соншалыкты құнсызданып кеткен деген сұрап пайда болды. Осы нәрсе жүргімде түйін болып, ойландырганы соншалық соңында дипломдық жұмысымның тақырыбына айналды. Қоғамға үндеу салатын дүние жасау керектігін түсіндім. Сөйтіп, фильмге осы идеяны арқау етіп алдык.

– Сіздің ойыңызша, жақсы кинотүрінде шығу үшін ең алдымен сюжеті ұтымды болуы керек пе, әлде техникасы ма? Қайсысы маңызды?

– Мен үшін ең бастысы-сюжет. «Pixar» студиясының негізін қалаушыларының бірі Джон Лассатер: «Киноны ұлы ететін технология емес. Бәлкім оны ұлы ететін оның тартымды кейіпкері мен қызық оқиғасы» деп айткан. Өзіңіз білетіндей, «Pixar» студиясы бүкіл әлемді 3D технологиясымен жаулап алған, сонымен катар, «CG» яғни компьютерлік графиканы ең алғашкы болып әлемге алғып келген. Бірақ, сол адамның өзі технологияның маңызды емес, бастысы болып жатқан оқиға мен сол оқиғаны бастаң кешкен кейіпкер маңызды дегенді алға тартады. Мысалы, «Disney» - дің екі фильмін салыстырып көрейік. Бұрынғы 2D технологиясымен жасалған «The Lion King»-ті алайық, ондағы сюжеті, драматургиясы, кейіпкердің, антигеройдың мінез-құлқы толықтай ашылған. Яғни, бұл жерде оқиға басталғаннан-ақ кімнің кім екенің, кейіпкердің проблемасын, оның мақсатын түсіне аламыз. Енді, бәріміз білетін жақындаған жарактап көрген «Моапа» мультфильмін алсак. Бір караганда, кейіпкерлердің түр-әлпеті, шынайылығы, фильмің көркемдік шешімі, әүені мен әндері керемет көрінеді. Өте ауқымды жұмыс. Бірақ, фильмді көріп отырғанда көрерменнің көңіліне ештеңе қонбайды. Жүректі селк еткізіп, ұмытылmas эсер қалдырмайды. Әйткені, фильмің оқиғасы мен кейіпкерлердің мінез құлқытарында үйлеспеушілік көп кездеседі. Мысалы Маүйдің еш мақсатсыз өзімен өзі тыныш жатқан Тефитидің жүргегін (жасыл тас) ұрлауы. Немесе тасты орнына жеткізуге өз құдіреті жете тұра Теніздің Монаханы әүрешілікке салуы және т.б. Технология каншалыкты мықты болғанымен, оқиға өзіне баурап алмаса, кейіпкерге жаңың ашымаса, одан пайда жок. Сол себепті оқиға мен кейіпкер ең маңызды дүние деп ойлаймын.

– Барлығымызға анимация жасау барысындағы қындықтардың көп екендігі белгілі. Осы процесте сізге ұнайтын сәт?

– Ең ұнайтыны оқиғаны құрастыру дер едім. Ертенгі күні жасалатын жұмыстың алғашкы қадамы - сценарий жазу. Өзіңе оқиға шиеленістіруге, кейіпкерлер таңдауға, залым кейіпкерді құрастыруға толықтай еркіндік бересің. Бастанапқы кезеңге улken мән берілуі керек деп ойлаймын. Бізде жас режиссерлер бастанапқы кезеңге мән бергеннен ғорі, түсіру процесіне асығады. Дайындық кезеңі өте маңызды, осы жерде алдағы жұмысыңың дәні егіледі. Негұрлым осы кезеңге мұқият болсаң, алдағы жұмысың ұтымды, әрі ойдагыдан болып шығады. Сценарийді жазу, ондағы қателіктердің мінез-құлқы, үйлеспеушіліктерді табу, оларды жою, толықканды оқиғаны құрастыру – мен үшін ең қызығы осы.

- Неліктен фильмдерінізге сценарийді өзіңіз жазасыз?

– Бізде көркем фильм сценаристері баршылық. Алғашкы туындыларым «Көксеректі», «Итті» түсірген кезде анимациялық фильмге сценарий жазушыны таба алмадым. Сондыктан, менің ойымша анимациялық фильм сценаристерін арнағы дайындау керек сиякты. Эрине, сценарийдің құрылым, жүйесі бірдей болғанымен, анимациялық фильмің сценарийінде өзгешеліктер көп. Басында эрине, киын болғаны рас. Оған себеп, сценарий жазу білмейтінмін. Уақыт өте келе білетін адамдардан сұрап, кітаптардан, ғаламтордан оқып үйрендім. Қазір сол білімімді сценарий жазу барысында қолданып келемін.

– Мәселен, Хаяо Миядзаки өзінің шығармашылығында шығыс пен батыс мәдениетін қосу арқылы анимациялық фильм тудырған. Ал сіз анимациянызды қай стильге жатқызасыз?

– Мысалы, «Ит» фильмін жасағанда, менің ойымда, фильмді бір ұлтка тән кылу мақсаты болған жоқ. Бастиысы, адамгершілік құндылықтарды дәріптейтін жалпыға ортак фильм жасау болды. Менің

оыймша тұрғылықты орын, ұлт, тіл деген сиякты маңызды факторлар бар болғандыктан, фильмнің стилі сюжет желісіне байланысты дер едім. Мысалы, мен алып тұлға Мұхаммед Али туралы фильм тұсіруді жоспарласам, міндетті түрде басты рөлге боксшыны сомдауға ұлты Афро-Американдық адамның бейнесін аламын. Сол себепті үл жерде ең бастысы-идея мен оқиға. Мысалға, «Kung Fu Panda» мультфілімінің кейіпкерлері жануарлар. Олар үлтка бөлінбейді ғой. Бірақ, фильмнің идеясы «Kung Fu Panda» жайлы болғандыктан, оқиға Қытайда болып жатқанын білеміз. Сол себепті, мен үшін фильмнің шығыска не болмаса еуропаға тиесілі болуы маңызды емес. Ең бастысы фильмдерім ізгілікке шақырып, көрермендердің көнілінде ұмытылmas жаксы сезімдер калдырса сол мен үшін маңызды.

— Қазіргі таңда Қазақстан аумағына «Disney», «Warner Bros», «Pixar», «DreamWorks» студияларының туындылары кеңінен таралып көрермен көнілішен шығып отыр. Отандық өнімге көрермен назарын бұру үнін қандай қадам жасау керек?

— Сол студиялармен сапасы жағынан да, техникасы жағынан да, бәсекелестікке түсे алатын туындылар жасау керек деп ойлаймын. Өйткені, көрермен жоғары сапалы фильмдерді көріп үйреніп қалғандыктан, бірсаңынды фильмдерді қабылдау оларға киын келеді. Мысалы, француздардың, үнділердің түсіріп жүрген туындылары «Disney», «Pixar» студияларының фильмдеріне жетпейді. Сонымен катар, балаларға үнайтын, олар еліттейтін жаңа кейіпкерлер («қашармандар») керек. Кейіпкердің міnezі, тарихы, миссиясы, артықшылығы мен кемшілігі болуы керек. Қатты айтты дерсіз, бірақ, бізде түсіріліп жүрген фильмдер жансыз құр сурет, оларды кейіпкер ретінде қабылдай алмайсың. «Disney» алғашында ханзада мен ханшайым махаббаты, олардың бірге болу жолындағы сан алуан қындықтары жайлы, жалпы киял-гажайыпқа толы ертегілерді түсіргендігін білеміз. Және фильм түсіру барысында олар сюжеттің тарихтан немесе әдебиеттен алынғанына қарамастан оқиғаларды балалар психологиясына бейімдел өзгертуін отырган. Сол сиякты неге «Қозы Қорпеш-Баян сұлу» дастанын алып, керемет махаббат туралы фильм түсірмеске? Бізде тарихты өзгертуеу керек деген қатаң қагида бар. Ал неге осы баршага мәлім кейіпкерлерді қосып, балаларға нағыз махаббатың қандай болуы керек екенің көрсететіндей фильм түсірмеске?

— Кіпкентай кезден бастап анимация арқылы қандай тәрбиесінде алаңыз?

— Анимация-үлкен идеологиялық құрал. Үл өнер арқылы бұлдіршіндерді мейірімге, адамгершілікке, отансу йіштікке, шыншылдық пен әділдікке, барлық ізгі қасиет пен жақсы міnez-құлыққа тәрбиелеуге болады. Үл саладағы мамандар осы жауапкершілікті тереңінен сезініп, ұлттымыздың болашағы үшін аянбай еңбек етуі керек деп ойлаймын.

— Отken ғасырдағы қазақ анимациясына өзінің дара жолын салған Әмен Қайдаров атамыз бала тәрбиесінің түп қазығы боларлық тамаша туындыларды өмірге алып келді. Ал қазіргі жаһандану заманында анимацияда қандай тақырыптар қозғалуы керек?

— «Біз үл әлемді жақсы жаққа өзгертіп, өшпес із калдыру үшін келгенбіз» дейді әлемге әйгілі Стив Джобс. Эр маман өзі жасаған енбегіне зор жауапкершілікпен қарал, тек өзінің ғана емес, адамзаттың пайдасы үшін қызмет жасайтын дүниелер жасауы керек деп ойлаймын. Сол себепті қазіргі таңда, болашақ үрпакты адамгершілікке, отбасы құндылықтарына, мейірімділікке жалпы бар жақсы қасиетке тәрбиелейтін анимациялық не болмаса көркемсүретті фильмдер түсірген жөн.

— Анимация режиссеріне білім қаншалықты керек, әлде фантазияға сүйенгені жеткілікті ме?

— Накты мысал, тарихта аттары қалған атақты Стивен Спилберг, Джеймс Кэмерон сиякты режиссерлер арнайы білімсіз-ак керемет туындыларды дүниеге әкелген. Анимация режиссерлеріне келсек, ол үшін талант пен білімнің қажет екені белгілі, бірақ өз ісінді сүйіп, табандылықпен еңбек етсең жеткілікті. Арнайы білім алмасаң да, кітап оқып білім шеңберінді кеңейтіп, тәжірбие арқылы шындалуға болады.

Әдемі ҚАПАР
«Кинотану»

мамандығы З курс





«KN» ұсынады

Қазан айының 12-ші жүлдөзінде еліміздің барлық кинотеатрларына «Қайрат Нұртас Production» ұсынған «Арман» атты фильм қалың көрерменге жол тартты. Қайрат басты рөлді сомдайды дегесін бірден адамдардың фильмге деген қызығушылығы оянады. Себебі, эстрадада жүрген танымал жүлдөзді үлкен экраннан көру карапайым халықка кашан да қызықты. Шоу-бизнесте жарқырап жүрген жүлдөзді отбасы көрерменге екінші рет фильм ұсынып отыр. Алғашқы фильмі «Өкініш» биографиялық фильм болса, «Арман» драма жанрында түсірілген фильм.

Фильм косғашықтың той алдындағы бакытты сэттерінен басталады. Бір айдан соң шанырак құру керек болған екі жас қымбат дәмханада байдын балаларымен кактығысып қалады. Бұл жанжалдың арты қызды үрлап әкетіп, артынша зорлаумен аяқталады. Бай балаларына қарсы тұра алмаған жастар акыр соңында жазықты болып, біреуі темір тордың ар жағына, біреуі әділет сотын орнатуды қөздейді.

Фильм прокатқа шықпай тұрған уағында көптеген афиша, постерлер қаланы жаулап алды. Фильмнің жарнамасына, әр түрлі жерлерде постерларынцаптап тұруы көптеген көрермендерді өзіне тартты. Кайарнаны қоспа барлық арнада «Арман» фильмнің трейлерін көресін, кай кинотеатрга кірме фильмнің постері ілініп тұрады, кай көшениң жарнамасына мойын бүрүп қарама тағы да осы фильм, кай жүлдөздің әлеуметтік желісіне кірме осы туынды. Біздің жақсы фильмдерге жасалмайтын жарнаманы осындай жеңіл туындыға барынша жақсы жасауға тырысқан (ешкімді кінәлай алмаймыз, себебі, жарнама жасау да көп қаржыны талап етеді). Ал фильмнің сапасы бұл жарнаманың ешқайсысына да татымады. Қоңылға конбаған тұстар:

1. Ең бірінші мазалайтын сұрак фильмнің аты неге «Арман». Басты рөлдегі Арман қыздың есімін білдіреді мे? Әлде кек алың басты кейіпкер үшін арман ба екен? Фильм атауы қыздың есімі болғанын өзінде біртүрлі ерсі естіледі, солай емес пе? «Арман» деген есім неміс тілінен колбасышы, мықты азамат деген мағынаға ие. Парсы тілінен аударғанда киял, арман деген мағынада. Фильмнің басында карт атайдың (Тлектес Мейрамов) айтуы бойынша жол апатынан қаза тапқан Арманның ата-анасы ұлды боламыз деп жүргенде қыз бала туылған соң, атын Арман деп қойған екен. Арманның жетім, туған бауырлары жок екендігіне акмент жасалынады. Оның сүйектісі «Қайрат» клубының ойыншысы Құрман да жетім. Балалар үйінде өскен. Көптеген коммерциялық фильмдердің режиссерлері көрермендердің аяушылық сезімін тудыру үшін осындай айла-тәсіл колданады. Сондыктан, фильм барысында басты кейіпкерлермен бірге мұнайып, бірге қуанып отырасың (әсіресе, әйелдер қауымы).

Сондай-ақ, режиссер көнамдагы мәселелерді көрсетеді де, оны шешуге тырыспайды. Режиссер ренжіткен адамдарды өз қолынмен өлтіру керектігін насиҳаттағысы келеді ме? Қатігездікке толы такырыптардың

санын көбейтіп жүрген режиссер киноға ешқандай жаңашылдық алып келмеді. Жаңалық емес, тіпті, плағиат фильмнің қатарын толыктырды деп те айтуға болады (Есінізге 1999 жылы шықан «Ворошиловский стрелок» фильмін түсірінізші).

2. Көркем фильм болғасын басты рөлдерде ойнайтын актерларға үлкен жүк артылатыны мәлім. Актер деген режиссер мен көрерменді байланыстыратын көпір емес пе? Ал бұл жердегі көпірлер сонына дейін не тұрғызылмай қалған, не бітпей жатып құлаған. Иә, сөз басты рөлдегі (тизер бойынша айтқанда) Қайрат Нұртас жайында. Қарапайым халық сонша ынтығып тыңдайтын сүйікті әншілерінің дауысы шынымен осындағы ма дейсін. Актерлік ойны «Өкініш» фильміне караганда әлдекайда ілгері басқан. Қайратты актер ретінде карастырап жатқаным ақымақтық шығар, дегенмен, адам төзгісіз бұл «актердің» ойнына көз жұмып қаруа жарамас. Арман рөліндегі Жұлдыз Абдукаримовың актерлік мамандықты бітірген деген сыйбысты да естіген шығарсыз. Сізді қайдам, өз басым сениңкіреймін. Тым асыра сілтейтіні бірден көзге түседі. Түсірілім алаңында өзінің кейіпкерінің образына кіре алмаған. Тергеуші келіп, құдігі Арманға тусіп тұрғанын айтқанда Арманның жасаған мимикасына қарасан, «актер» деген сөзден тым алщақта тұрғандай елестейді.

3. Ауруханада палатаның алдында отырған Құрманның қолындағы кісен. Кім тағып кетті? Қалай? Қайдан пайда болды? Колына кісен тағылған адам ешкімнің карауынсыз қалай жалғыз отырады? Кейін ауруханага ОМОН-дардың басып кіруі, Арманның түнгі клубта аң ататын мылтықпен еркін кезіп жүргізу т.с. шындық ауылыштан шалғай көріністер бірден көзге ұрады.

Дегенмен, фильм арасында жақсы эпизодтар кездеседі. Арман мен оның тәтесі арасындағы кей диалогтар көнілге ой салады. Және ең соңғы кадр. Еш кінәсіз Арман өзінің хал-жағдайын өзінен басқа ешкім түсінбейді деп ойлады. Халық түсінеді. Болған жағдайды тым жақсы түсінеді. Бірақ, «жояндарға» карсы шыға алмайды. Бай-қуатты адамдардың касында дәрменсіз..

Көрмермендердің «Қайрат Нұртас Production» ұсынған фильмге ағылып келіп жатқанына, «Қайрат шындықты қөрсетті, айтылмай жаткан мәселелерді айтты» деген сөздерді естіген кезінде карыңың ашады. Көзге көрінбей жаткан тың туындылардың жарнамасы жақсы болғанда, халық соларға барып, нағыз кино кандай болатынын көргенде арзанқол фильмдердің билеттері кассада жатар ма еді? Бұл күндер де алыс емес деген ниеттемін..

Енлік ЕГЕУБАЕВА
«Кинотану» мамандығы 1 курс



Босқа өтіп жатқан уақыт...

Әрбір адам үшін қоршаган ортаны тану мен өмірден өз орнын таба білуде бос уақыттың орыны ерекше. Көшілігіміз оның қадіріне жете мән бермей жатамыз. Халық арасында «сағат сатып алсан да, уақытты сатып ала алмайсың» деген нақыл бар. Ақиқатына келгенде, уақыт – бізге берілген үлкен мүмкіндік. Сол мүмкіндікті қазіргі заман жастары қалай пайдаланып жүрміз? Бос уақытым жок деп шағымданамыз. Ал, қолымыз босай қалса, қолымызға ұялы телефонымызды аласалып, әлеуметтік желіден шықпаймыз. Әлеуметтік желіге тағдырымызben арпалысып, адамдармен жарысып, жанталасқан өміріміздің әдемі суреттерін салудамыз. Ал, ол әлеуметтік желінің де, ұялы телефонның да бізге берер пайдасынан зияны көп. Кітап оқымаймыз, театрға бармаймыз, өз білімімізді жетілдіруге, өзімізді өсіруге ұмтылмаймыз. Бос уақыттыңды тұнгі клубқа немесе теледидар көру мен ұйқыга арнаймыз. Қазір теледидары жок үйді елестету қын. Алайда осы теледидардың уақыттың нағыз жауы екенине екінің бірі көңіл бөле бермейді. Бос уақыт пайда болса, “1 сағат ұйықтап, тынығып алайыншы” деймізде, 1 емес 4 сағат ұйықтаймыз. Ал, ол 4 сағаттың ішінде көп дүние жасауга болады. «Көп білмек болсаң, аз ұйықта», «Тұнгі ұйқысын түгел ұйықтаған адам мақсатына жете алмайды» деген халық даналығының астарын тұнгі уақыттарын шығармашылыққа арнаған, ұйқымен өткен уақыттарын өлдіге балап өкініш білдірген Мұқағали ағамыздың мына бір гибратты өлеңінен анғарғандаймыз:

Тұн маган ұйықтау үшін жаралмаған,
(Ұйықтасын сапарларын тәмамдаған).

Алдымда сапар жолы тарам - тарам,
Ұйықтасам, барлығынан қараң қалам.
Тұн маган ұйықтау үшін берілмеген,
Ұйқы тең шала - жансар өлімменен.

Рас, уақыттың бұдан да басқа құндылықтың бірі - уақыт. Уақыт уақыт жоқ, босқа өткен уақыт бар. болып, көбіне мұқтаж болған төрт сағат бар. Бірақ баршасы Уақыт қорға жиналмайды, Қарызға алуға және тартылмайды. Мирас Уақыт деген – біздің уақытымзды, уақытымзды білейік!

жауалары өте көп. Адам баласына берілген баға жетпес – адамға берілген нағыз сый. Бос Уақыт – адам баласының азына ие нәрсесі. Барлығында жиырма мұны ұтымды қолданбайды. кері қайтарылмайды. беруге болмайды. Сыйға ретінде қалдырылмайды. өміріміз. Сондықтан, соның ішінде бос дұрыс пайдалана



Әсем АМАНДУРДЫЕВА
«Арт менеджмент»
мамандығы 2 курс

**КӨП АДАМДАРДЫҢ ҚАДІР-ҚАСИЕТИН
БІЛЕ БЕРМЕЙТІН ЕКІ ҮЛКЕН НЫГМЕТ -
ДЕНСАУЛЫҚ және БОС УАҚЫТ**

Сенім жолында...



өткерген оқиғалар, өз отанын, ата-анасын, туған бауырларын тастап, Сирияга кеткен бірнеше отбасылардың жағдайы фильмде баяндалады. Мәдениет және Спорт министрлігінің тапсырысымен түсірілген туындының түсіру жұмыстарына аз уақыт жұмсалған. Туынды 2016 жылы Ақтөбе қаласында болған терракт оқиғасын көрсетумен басталады. Түрмеде отырған жастар өздеріне ұсынған құрма мен судан кейін істеген әрекеттерінің еріктіліктерінен тыс болғандығын баяндайды. Радикал ислам жолына түскен жас жігіттер өкінеттіңдерін айтып, қателігін қайталамауга шақырады. Сонымен қатар, басқа да кейіпкерлердің оқиғасын Қазақстандағы туыстары мен таныстары әңгімелейді. Мәселен, 16 жасар қыздың мектеп бітіріп, қалаға окуга түскеннен кейін із-түссіз жоғалтуы. Кейіннен қыздың Сирияға кеткенін білген жақындары жоғарыдағылардан көмек сұраған, бірақ олар қолдарынан ештеңе келмейтіндігін айтқан. Тағы бір жан түршігерлік оқиға қарапайым бақытты қазақ отбасының басынан да өткен. Ауыл мектебіндегі орыс тілі пәннің мұғалімі Мұрат есімді жігіт әйелі мен алты баласын алып, Сириядагы «Ислам мемлекеті» экстремистік тобына барып қосылған. Қазақстандағы туыстары бір күннің ішінде алты адамға құжаттарды қалайша рәсімдеп алғандарына таңырқайды. Қартайған анасы көзіне жас алып, тым болмағанда немерелерімді қалдырып кеткенде ғой деп қайғырады. Қазақстанда отбасымен болған бақытты кезіндегі суреттерден кейін бірден Сириядан кара жамылдып, мылтық асынған қазақ қандастардың фотофрагменттерін көргенде козіңе еріксіз жас келеді.



Кинодраматург, кинорежиссер, Қазақстан кинематографистер одағының мүшесі Әсия Байғожинаның «Сенім жолында» атты деректі фильмі жарыққа шықты. Сенім — адамның белгілі бір құбылыстарды, ойлар мен көзқарастарды, пікірлерді еш күмәнсіз қабылдан, мойындауында көрінетін психиканың ерекше күйі. Міне, сенімнің жолында теріс жолға түскен, дін жолында адасқан, психологиясы бұзылған жастардың іс-әрекеті, басынан


тапсырысымен түсірілген туындының түсіру жұмыстарына аз уақыт жұмсалған. Туынды 2016 жылы Ақтөбе қаласында болған терракт оқиғасын көрсетумен басталады. Түрмеде отырған жастар өздеріне ұсынған құрма мен судан кейін істеген әрекеттерінің еріктіліктерінен тыс болғандығын баяндайды. Радикал ислам жолына түскен жас жігіттер өкінеттіңдерін айтып, қателігін қайталамауга шақырады. Сонымен қатар, басқа да кейіпкерлердің оқиғасын Қазақстандағы туыстары мен таныстары әңгімелейді. Мәселен, 16 жасар қыздың мектеп бітіріп, қалаға окуга түскеннен кейін із-түссіз жоғалтуы. Кейіннен қыздың Сирияға кеткенін білген жақындары жоғарыдағылардан көмек сұраған, бірақ олар қолдарынан ештеңе келмейтіндігін айтқан. Тағы бір жан түршігерлік оқиға қарапайым бақытты қазақ отбасының басынан да өткен. Ауыл мектебіндегі орыс тілі пәннің мұғалімі Мұрат есімді жігіт әйелі мен алты баласын алып, Сириядагы «Ислам мемлекеті» экстремистік тобына барып қосылған. Қазақстандағы туыстары бір күннің ішінде алты адамға құжаттарды қалайша рәсімдеп алғандарына таңырқайды. Қартайған анасы көзіне жас алып, тым болмағанда немерелерімді қалдырып кеткенде ғой деп қайғырады. Қазақстанда отбасымен болған бақытты кезіндегі суреттерден кейін бірден Сириядан кара жамылдып, мылтық асынған қазақ қандастардың фотофрагменттерін көргенде козіңе еріксіз жас келеді.

Сондай-ақ, фильмде ислам қоғамдық қайраткері, философ Гейдар Демаль, Бас мұфти Ержан Малғажыұлы, ағайынды Смановтар, саясаттанушы Айdos Сарым секілді бірқатар тұлғалардың пікірлері берілген.

Қазақ киносында осындағы қоғамға төнген қауіп жайлы өзекті тақырыпты қозғайтын фильмдер ете аз, мүлде жоқ десек те болады. Сондықтан, бұл фильмді міндетті үрде тамашаланыздар.

Мария ПИЛТАН
«Кинотану» мамандығы
3 курс

Қазіргі уақыттағы қазақ қолөнеріндегі құс бейнесінің ерекшелігі



20

Ұлттық қолөнер бұйымдарының маңызы, мәні - сәндік қолөнері халық түрмисынан берік орын алған. Жүннен жасалған бұйымдар ішінде маңызын жогалтпай жүрген кілем току өнері, бүгінгі таңда көне заманың өнерін жогалтпастан, жаңа идеялармен жаңғыртуға ықпал еткен gobelen току өнерімен жалғасып отыр. Кешеги күннің кілемінде, тоқымасында қолөнершінің ой-сезімдері - ою-өрнекке айналған бейнелер және түстер арқылы шешім тапса, бүгінгі күні бұл үрдіске өзгерістер енгізіліп реалистік бейнелерді салу сәнге айналуда. Откеннің өрнегін ұмыт қалдырмай, оны көркем кескінмен өрнектеген туындыларға шолу жүргізер болсак, «құстардың» бейнесін көптеп кездестіреміз. Бұл қандай да бір мағынаны айқындал, астарлы ой қалдырады. Халқымыздың түсінігіндегі көнеден келе жатқан аныз әнгімелерге сүйенер болсак, құс – азаттықтың белгісі ретінде берілген. Ал бейнелеуден сыртқары қалып қоймайтын бұл бейненің тағыда басқа мәнін соңғы жылдардағы қазақ gobelenшілерінің еңбектерінен іздестірудеміз.

Казактың gobelenі – болашағы бар көркемдік құбылыс. Осынау өнерді құбылтып өз тақырыптарына құс бейнесін жирик кіркітірген gobelenшілер қатарында Э.Бапанов пен С.Бапанованаң, К.Жұбаниязованаң, Р.Базарбаеванаң, Қ.Жақыповтың, М.Мұқан мен А.Жамханның басқа да көптеген шеберлердің жұмыстары көз тартады.

Шығармашылық идеясын дәстүрлі және заманауи өнердің желісімен құратын Әлібай Бапанов gobelen токуда көптеген жетістіктерге жетіп, жанұясымен біріге қазақ қол өнерінің құдіретін жүртшылыққа танытып келеді. Адамның ой өрісін қиял қанатына мінгізіп, өзгеше көніл күйді ұғындыратын Ә.Бапанов туындыларынан әртүрлі нышандарғы бейнелерді кездестіре аламыз. Гобеленші шығармаларынан шешім тапқан «құс» бейнесін оның бір шама туындыларынан кездестіруге болады. Солардың ішінде көлемді 2016 жылғы «Аспан» атты gobelenі. Көгілдір аспан аясында қиял гажайып, ертегі секілді тоқылған. Туындыда бірін-бірі көтеріп көкке қарай өрлеткен тіршілік иелері бейнеленген. Бір шанырактың астына жиналған табигат балалары деуге болады. Қос өркешті түйе үстінде жылқы мен өғіз адамзат баласын, ал олар ай мен күнді көтерген құс астында бейнеленген. Яғни, Әлібай Бапанов дүниенің сырына тереңнен үңілетін жандардың қатарынан екенин аңғарамыз. Жаратылыстың бір бөлігінің құстарға да тиетіндігін естен шығармай, туындыларына арқау етіп жүргенін көруге болады.

2017 жылдың 27 қыркүйегінде Астана қаласындағы Елбасы кітапханасында «Дала әуені» атты Жұбаниязовтардың отбасылық көрмесін тамашаладық. Аталмыш көрмеде Қулипа Жұбаниязованаң «Өмір ағымдары» атты 1984 жылғы gobelenімен таныстық. Әсерлі шыққан туынды түстері көрмерменді өзіне бірден баурап әкетеді. Елінің ұлттық өнерінің мәртебесі мен мерейі үшін туган gobelenші туындысында – өзіндік қолтаңбасын айқындастырып ирек, толқын тәріздес сызықтарды кеңінен қолданған. Мұндай сызықтар уақытты, козгалысты айқындағынып, бізді сәби мен ананың сондай-ақ әженің, және де шығарманың жоғарғы белігіндегі әуелей айналып ұшқан құстар бейнесіне жетелейді. Ол аппақ көгершіннің кескінін бейнелеген.

Көгершінді көптеген халық бейбітшілік сүйгіш құс ретінде біледі. Негізінен бұл құс біздің халқымыздың даналығына сырттан енген, яғни тағы да көне аңыз әңгімелерге сүйенер болсақ, Нұх Пайғамбардың кемесіне зәйтүн бұтағын алғып келіп, топан судың аяқталғанын және Құдайдың адамдармен татуласқандығын жеткізген дәл осы інжіл құсы болған. Бұл тыныштықтың нышаны ретінде, ер көгершін емес, ұргашы көгершіннің алынғандығы жөнінде де аныздар тараған.

Күлипа апайымыздың ана мен баланы, әже мен немерені басты образға ала отырып бейнелеген gobelenінде көгершін бейнесінің кездесуі де кездейсоктық емес. Яғни, К.Жұбаниязова өзінің бұл туындысы арқылы ана бір қолымен әлемді, бір қолымен бесікті тербете отырып күллі дүниенің тыныштығының тілекшісі екендігін айтқысы келген секілді. Шебердің бұл шығармасына тоқталып отырған тағы бір себебіміз өмір алғашқы баспалдағынан көрініс тапқан. Күндер зулайды, бір орнында тұрмайды дегендей К.Жұбаниязова gobelenінен зымыраған уақытты сондай-ақ ана мейірімін көруге болады. Шығарманы талдауда туындаған ойдан айнала ұшқан құс бейнесін бір жағынан өмірдің үздіксіз қозғалысы десек, енді бір жағынан бейбіт өмірдің әйелмен байланыстылығын түсіндіреді. Эйел шаңырактың ұйытқысы, жылу, жарық пен мейірім отбасына анадан тарайды. Бір сөзben айтқанда автордың шығармашылық идеясы gobelen бетінде асқан шеберлікпен орындалып, өз үлесімін тапқандығын айтуға болады.

Сонымен қатар бозторғай, көгершін секілділерден бөлек құстарды шығарма сюжетімен байланыстырып жүргендердің қатарында Раушан Базарбаева да кездеседі. Оның туындыларындағы құстардың бейнесі басқа gobelenшілердің бейнелеулеріне қарағанда өзгеше. Кейбір суретшілер бейнені кішігірім етіп қандайда бір сюжетпен байланыстыратын болса, Р.Базарбаева көбінесе образын көлемді етіп бейнелейтінін байқаймыз.

Тоқыма өнеріне сүбелі үлесін қосып жүргендер қатарындағы Р.Базарбаевың 2003 жылғы



«Бақ құсы» атты gobelenін магиналық мәнісін тарқатып айтар болсақ, ашық аспан аясында қанатын кеңінен жайып, қалықтай ұшқан бақыт құсын тоқыған. Оны тоқудагы мақсаты, тағы да азыздың астарына келіп тоғысып отыр. Аңыз бойынша ұшып бара жатқан бақыт құсын көрген адам тілек тілесе, оның тілегі міндегі түрде орындалады екен. Раушан Базарбаеваның бұл туындысы қандайда бір арман-тілегіне жетуге деген ұмтылыстан туған ой секілді.

Еңбектері жүртшылық жүргінен ойып тұрып орын алған Құттыбек Жақыпов туындыларында да тақырыпқа тиек етіп отырган «құс» бейнесі жін орын алады. 2010-2014 жылдар аралығындағы жұмыстарына автордың азаттықтың нышанын біріктірген туындыларының бірі «Бозторгай». Бозторгай – халық даналығында жиі кездесетін, аңыз кейіпкеріндегі балапандары үшін өмір кешетін құс.

Қ.Жақыпов «Бозторгай» gobelenі бір қараганда жайлаудағы көріністі көз алдыңа әкелгендей. Дегенмен, автордың аңыз желісінен алыстамаганын аңғарамыз. Сюжеті бойынша картина төмennен жоғары қарай бейнеленген баспалдақ немесе қабырганың қалануы секілді көрініс береді. Бірінші қатары иректелген сызық арқылы тоқылған көрініс. Ал оның үстіне қойлар салынған. Декбірі қашқан құс балапандары үшін шырылдан, ұсын момын қойдың үстінде қалдырған. Гобеленші өз туындысында одан басқа шенбердің бейнесін де тоқыған. Шенбер шексіздіктің символы. Қорыта айтқанда автор қой үстіне бозторгай жұмыртқалағандай тыныш заманымыздың шегі болmasын, шексіз болсын дегісі келетіндей.

Қазақ қол өнерін бүгінгі күнмен байланыстырып отырган Қ.Жақыповты өзге gobelenшілермен шатастырып алу мүмкін емес. Оның бұл жұмысының астарында бүгінгі күннің тынысы мен кешегінің тамыры өрнектелген. Қашанда аңыз әнгімені кие тұтқан халық ұрпағы оны әрдайым өнеріне арқау етіп отырган. Табиғатпен тумысынан етене туған жүртімьыз, сайын даланың сары құсын әніне де, жырына да қоса отырып, қой үстіне бозторгай жұмыртқалаған заман деп атаған. Автор бұл тақырып арқылы бозторгайдың жаны балалары үшін екенін көрсетсе, менің жаным елім үшін, жүртімьың өнері үшін деп бозторгайша шырылдан жүргенін аңғартады...

Осы тақырып аясында біріктіруғе болатын gobelenшілер қатарына Малик Мұқан мен Айдар Жамхан да бар. Басқа gobelenшілер секілді олар да өз туындыларының сюжетіне құстарды кіріктіре білген. Қарастырып отырган gobelenшілердің өзара ұқсастықтары олардың техникаларындаға емес, шығармашылық идеяларындағы тіршілік иелерімен, кейбір белгі, нышандарды суреттеулерінен көре аламыз. Мәселен, К.Жұбаниязованың «өмір ағымдарындағы» толқындар құстармен толықтырылып тұр, бұл үрдісті Р.Базарбаева да жалғастырып отыргандай. Екеуі де ұшқан құсты бейнелей отырып ирек сызықтармен көркемдігін арттырған. Ал, Қ.Жақыпов бозторгайдың қонып отырган кескінін жасап шығарған. Десе де атап өткен иректер ол туындыда да кездескен болатын. Әркімнің туындысында

әртүрлі құс суреттеледі дегенмен оған қосалқы бір ғана бейне олардың бәрінің ойын бір жерге біріктіреді. Яғни, құс секілді, бір келіп-бір кететін өтпелі өмір ағымдары тыныш әрі мактана айтатындағы гұмыр болса екен деген сияқты.

Құс – әдеміліктің көрінісі, биіктіктің нышаны, уақыттың белгісі. Еркіндіктің символы. Азаттықты арман тұтып, биікке ұмтылған, уақыттың қадірін түсінетін жандардың шығармаларына арқау болған көрініс. Көркем құбылыс іесі. Аспан әлеміндегі корғаушымыз құсты қөксіз, көкті құссыз елестете алмайтынымыздай бүгінде әрбір туындыны да солай ғана көре аламыз. Кез келген бейнелеуашінің туындысында құс бейнесі кездесіп отырады, және де ол кездейсоктық емес, біздің түсінуіміз бойынша азыздан туған астарлы ойлардың куәсі мен шындығы іспепті.

Мадина ҚҰРАЛ
«Өнертану» мамандығы 3 курс



Отечественный брак



недовольны выбором сестренки. Гаухар решает переубедить братьев на встрече с каждым из них по отдельности, но с каждой встречей шансы Айдара уменьшаются.

Фильм поставил задачу привлечь внимание молодой аудитории участием в нем харизматичного Нурлана Сабурова (Аян) и миловидного Тауекела Мусилима (Марсель). Для Сабурова, покорителя российских «стэнд-апов», это был первый актерский опыт в полнометражном фильме. И играл он самого себя, и шутки были придуманы скорее всего им. Тауекел же успел себя зарекомендовать не только как актер, но и телеведущий. Хотя я скептически отношусь к его игре, не думаю, что кто-нибудь другой справился бы с ролью самовлюбленного мачо так, как сделал это он. Потому что, чем больше ты переигрываешь, тем смешнее это выглядит, чего и добиваются создатели комедий в Казахстане.

Не так давно на большие экраны вышла отечественная комедия с довольно интересным названием «Брат или брак?». Для режиссера Ернара Нургалиева это первая работа в комедийном жанре. Роль невесты и младшей сестренки пятерых братьев, девушку по имени Гаухар (Гоха) сыграла Куралай Анарбекова. Вы должны помнить ее по роли Корлан в «Жаужүрек мың бала», она же выступила в качестве продюсера фильма.

Сценарий посредственный, никакой смысловой нагрузки не несет, примитивный юмор с одноразовыми шутками. Посмотрел, посмеялся, забыл.

Молодой человек по имени Айдар (Даурен Сергазин) делает своей возлюбленной предложение. Та поспешно отказывается, заявляя, что ее братья будут против. Айдар все же решает познакомиться с ними поближе, но первая встреча оставляет желать лучшего. Братья Гаухар настолько разные: это и почетный сотрудник полиции Аман ага, и экцентричный Канапья (Канапля), замкнутый Асан ага, спорткар Бага и бизнесмэн Аян. Они крайне

В отечественном кинематографе не развит жанр фантастики, но в подобных комедиях больше сказочного, далекого от реальности. Неужели жизнь обычных жителей страны настолько сера и хмура, что снимать фильмы, опираясь на реальные истории, с нормальными героями, так сложно? Почему все должно быть так неправдоподобно и преувеличено?

Центральный персонаж – мягкохарактерный, не имеющий чувства юмора фалалей, или, по-нашему, «бейшара». Гаухар же, будучи единственной девочкой в семье, получила «мужское» воспитание, решительная она всю инициативу берет на себя (Век сильных женщин и слабых мужчин). Айдар полнейшая противоположность всем пятерым братьям, которые успешны и уважаемы. Он это признает. Но Гаухар в Айдаре привлекают искренность, доброта. И несмотря на то, что они с разных берегов, все же готовы окунуться в океан любви, плыть против течения, но стать единым целым. В этом абзаце я постаралась выразить идею, вложенную в фильм. Представляете, если убрать весь каламбур с фильма, добавить диалоги, которые потом цитировала бы молодежь, интересные операторские решения, и с этой группой актеров можно было бы снять серьезный фильм. Но это комедия, в которой плоски не только анекдоты Айдара, а весь фильм в целом.

Жулдыз ЖАРКЕНОВА
«Киноведение» 1 курс



Город, где растут личности



Поистине Астана – город больших возможностей, где каждому человеку дается возможность реализовать свой потенциал, раскрыть новые грани своих возможностей, попробовать себя в новой, доселе неизведанной сфере. Под эгидой данного посыла 7 октября 2017 года в рамках проекта «Digital Life» проводился тренинг по обучению волонтеров, разработке и подготовке мастер-классов по популяризации мобильных

технологий и приложений на тему «Цифровые волонтеры». На данном тренинге мы узнали, как развиваются цифровые технологии, научились преподавать взрослым, тренировались рассказывать о мобильных приложениях, придумывали игры для тренингов, создавали свою программу для тренинга. Хотелось бы отметить моменты, которые остались яркое впечатление. Например, есть уникальное приложение Coursera (кстати мы его скачали во время самого тренинга), оптимизирующее процесс обучения студентов, помогающее легче усваивать лекционный материал. А после успешного завершения обучения нам выдали сертификаты участников тренинга «Цифровые волонтеры». Исполнительный директор Общественного Фонда «Еркіндік қанаты» Елена, проводившая тренинг, любезно согласилась ответить на вопросы участников:

- Корреспондент: Елена, как нам кажется, волонтерство – это очень сложная работа, как вы думаете, с какого возраста можно этим заниматься?

- Тренер: На самом деле все зависит от того, в какой сфере деятельности вы выбираете волонтерство. Например, волонтерство в общественном фонде, в приюте. Мы выбираем волонтеров с 18 лет, хотя есть и с 14 лет. Потому что работа несложная. Все зависит от личного настроя.

- Корреспондент: Тяжело ли заниматься этим делом? Нужен ли наставник волонтеру?

- Тренер: На самом деле несложно. Есть просто дефицит времени, определенная загруженность. Желательно иметь наставника, координатора, так как волонтеру необходимо черпать какие-то знания, получать определенные навыки. Но не всегда это получается. Хотя наставником быть совсем несложно. Ведь здесь нужно просто передать свои знания, навыки и умения.

- Корреспондент: Мы 2 дня посещали ваш тренинг, нам очень понравилось. Как вы думаете, такие студенты, как мы, могут самостоятельно проводить тренинги?

- Тренер: Этому можно научиться. Но самые главные знания приходят именно с опытом. Самое важное при проведении тренинга четко знать тематику. Недостаточно будет просто скачать информацию с интернета. Тема должна быть близка, вы должны ее через себя пропустить. Можно начать с темы, которая интересна лично вам. И самое главное, необходимо самому много знать, читать, совершенствоваться, быть в тренде. Можно попытаться создать свою программу, пробовать говорить другим людям.

- Корреспондент: как вы знаете, данный тренинг посетили в основном участники ЦТМ. Что вы думаете об этом?

- Тренер: Я рада, что при каждом университете есть инициативная группа молодых людей, которые могут делать фантастические вещи. И чем больше молодежи будет созидать для своего города, для своей страны, тем больше позитивных вещей будет у нас в городе. Тем самым вы помогаете себе, раскрываетесь, а также вы помогаете населению. Это здорово!

- Корреспондент: Что бы вы могли пожелать нашим студентам, начинающим волонтерам?

- Тренер: быть активными, любознательными, стараться делать все лучше. И спасибо, что есть вы – активисты ЦТМ.

При поддержке Центра Творческой Молодежи КазНУИ у студентов имеются неограниченные возможности посещать подобные социальные мероприятия, направленные на поддержку и развитие молодежи. Такие мероприятия интересны тем, что появляется возможность знакомиться с новыми людьми, обмениваться опытом, узнавать что-то новое, раскрывать новые грани своей личности, вдохновлять окружающих.



... Ол ойнаған рөлге сенесің



Улкен сахна, ду қол шапалақ, құшак-құшак гүлдер... Актер өмірі шын мәнісінде осындай ма? Иә, мүмкін. Себебі, көрермен назары, ықыласы, көңлі сахнадағы актерлердің ойынына ауары сөзсіз. Бірақ, бұл оның мықтылығының толық дәлелі емес. Театр реформаторы К.С.Станиславский айтқандай «Кіші рол болмайды, кішкентай актер болады» демекші, менің кезекті ойларым осы сөздердің дәлелі, яғни ерекше өнер иесі жайлыш болмак.

Ақпанның сүйк, ызгарлы күні еді. Бұл кездесуге барад жолда қатты қобалжығаным бар. Бұл ерекше жанмен алғаш көріскеңім осы сәттен басталды. Мінезі байсалды, сабырлы, ерекше ағалық камқорлық барын сезіндім. Оның жасаган бейнелерін бір сәт ой-көкжиегінен өткізіп, сахнадағы мен өмірдегі кейпі жер мен көктей екенін анғардым. «Не деген талантты жан десеңші» - деп сүйсінгенім бар.

Актер деген кім? Нагыз актер тек ізденіс пен тынымсыз еңбектің нәтижесінен тұратын өнер иесі емес. Ол – жүргі тұмадай таза, өнерге деген кіршіксіз адад да пәк махаббатпен

туган жан болса керек. Ол – хас сұлудың көз жасындағы мөлдір өнерді асылдай тұтқан Асылбек Қапаев дер едім. Біз оны тек «Жантықтардың» кейпінде көріп көзіміз үйренген. Бірақ, бұл актер шығармашылығына тұсау болады деп ойламауымыз керек. Себебі, ол осындай бейнелердің қаһарманы.

1999 жылы Театр және Көркем сурет институтының (Т.Жүргенов атындағы қазақ өнер академиясы) актер бөлімін бітіріп, Астана қалалық Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музикалық драма театрына келгеннен бері қазіргі күнге дейін актер өз көрерменін өнерімен сүйсіндіріп келеді. Жағымсыз кейіпкерлерді ойнап дауға да тап болып жүретіні рас. Бірде «Қаллеки» театрының ұжымы гастрольдік сапармен Қарағанды өніріне барып, Қ.Р еңбек сінірген қайраткері Болат Ұзақовтың режиссурасымен қойылған Серік Тұрғынбекұлының «Мұқағали» поэтикалық драмасын дүйім жұртқа паш етті. Қойылым соңында жерғілікті тұрғындар Асылбекке: «Онбаган, қара ниет. Осы сендейлердің кесірінен бәрі де...» - деп қатты ашуға булығып кеткендері бар. Бірақ, актер ойынының көрермендерге осындай эсер қалдырғаны спектакльдің көркемдік дәрежесінің жоғары екендігін көрсетеді. Демек, актер көшпілікті өз шеберлігімен сендейре алды. Мәселен, актер Асылбек аталмыш спектакльде бір емес, бірнеше жағымсыз рөлді кескіндейді. Бірде Ол Мұқаңның көшедегі жанашыры, сырласы (алқаш), бірде оны тергеуге алып, қысым көрсететін милиция қызметкери болса, енді бірде жоғарғылардың ұсқынсыз әрекетінің кесірінен Мұқанға бас span> бермей кететін кеңес өкіметінің хатшысы кейпінде көрінеді. Бұл қысынсыз әрекетке баруына оның сана-сезімі, ой-түйсігінің қатысы жоқ, жоғарғылардың істетіп отырған әрекеті, олардың көреалмаушылығы болса керек. Бір спектакльдің төнірегінде актер Қапаев шеберлігінің әр алуандығын байқаймыз. Осы жерде режиссердің де шеберлігін айтпасқа болмайды. Бір актердің бойындағы жиынтық бейнелер арқылы сонау қоғамның келбетін көрермен қауымға жеткізе білді. Спектакльді көре отырып «Мұқаңды ішкізетін де қоғам, тергейтін де қоғам, үй беремін де бермейтін де қоғам» - деп сахнадағы шындыққа ой қосасын. Осындай жағымсыз кейіпкерлерді суреттеп жүріп халыққа жағу бір актердің бойына артылған ауыр жүк. Аталмыш қойылымның жоғары деңгейлі спектакльдердің катарынан табылу мақсатында актердің өз-өзімен жұмыс істегені қаншалықты қын екенін көз алдыңызға елестетіп көрдініз бе? Оның сахнадағы серікtesi Мұқағали бейнесіндегі Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері

Жанқалдыбек Төленбаевпен де тынымсыз еңбек етіп, әр рөлдің бір-біріне үқсан қалмау мақсатында көп ізденгені байқалады. Актер шеберлігінің жоғары деңгейде екендігі соншалық, тіпті жек көріп кетесің. Көрермен залында отырып, сахнадағы болып жатқан оқигаларға сенбеске амалың жоқ. Бірақ, шымылдықтың арғы жағында қашшама майдай тер еңбегінің тегілгенін сезінбейміз де...

Белгілі режиссер, КР еңбек сіңірген қайраткері Әлімбек Оразбеков сахналаған, драматург Асахмат Айларовтың «Сүрінген сұrbойдақ» комедиясы қоғамымыздың жиі талқыланатын өзекті проблеманың мәнісіне бойлата тусты. Әрине, әзіл-қалжынның астарында ашы шындық жататындығы жалпақ жұртқа белгілі. Туындының күлкі сыйласап қана қоймай, жүректі тебірентер сәттері де жоқ емес. Басты кейіпкер Темикко рөліндегі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мейрам Қайсанов, көршісі Сиконы кескіндептін – Асылбек Қапаев, Дзерассаны – Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Жанат Шайкина, ал үкімет адамы Арсамагты – Олжас Жақыпбек кейіптеуді. Сико Қапаев сахнада нанымды шыққаны соншалық, езуге күлкі үйіріп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Оның бір ғана сахнада пайда болған сәтін көріп, еріксіз күлмеуге шараң жоқ. Ол өз мезансценасына тікелей бағынып қалған жоқ, сахнада өз-өзіне ерік беріп қойған көрінеді. Мұның себебі, актердің рөлге толық берілгендейді. Сахналық серіктесі Темикко екеуінің арасындағы өзара түсінісу, ұғысу сәттері белен алғып, импровизацияға ұласты. Демек, қос актер бір-бірін сезінді, жұрт соған сенді, мақсат (миссия) орындалды. Қызуқанды кавказ ұлтын көрермен қауымға ерекше жеткізе білген театр актерлерінің шеберлігіне тәнті боласын.

Қазіргі таңда қазақ театр өнері үлкен сынға тап болып жүргені бәрімізге белгілі. Театр өнері деген қазақ даласында кең, теңіздей терең түсінікке драматургия, режиссура, актер шеберлігі сынды ұғымдар жатады. Асылбектің де өмірдің өнер атты тайғақ жолындағы орны бөлек. Оның көкейіндегі өзекті мәселелер бізді бей-жай қалдырган емес. Бәлкім, оның да бізге айтары бар шығар. Актердің қазіргі таңдағы театр өнеріне көңіл толмаушылығы Қазақстанның облыстық театрларына деген қолдаудың аздығымен, тіпті жоқтығымен түсіндіріледі. Неліктен өнер академияларын енді ғана бітірген жастар бар жандарын салып, театр өнерін көтеру мақсатымен облыстық театрларға аяқ басқылары келмейді? Оның себебі қолдаудың жоқтығы. «Жылы жылы сөйлесен, жылан іннен шығады» - демекші, осындағы көртартпалық болмаса, бәлкім, облыстық театрлар қазіргі таңда белен алар ма еді.

Актер өмірі қыска болғанымен, сахнадағы ғұмыры ешқашан өлмейді. Жапал, Айдар, Төлеген, Жарас, Бірсімбай, Жылкелді, Жантық, Бенволио, Роберт, Генрих, Марио – бұл актердің кескіндеген кейіпкерлердің шағын тізбегі ғана. Оның мықтылығы нұсқалаған рөлдердің санында емес, сапасында жатыр. Тек өз кейіпкерлерінің нағыз қаһарманы тарихта өшпестей із қалдырады.

Үлкен театр - тар сахна. Ду қол шапалак, құшак-құшак гүлдер... Тағы да Мұқағали қойылымы. Қошеметке лайық төрт актер. Көпшілік-қауым үш актерге шоқ-шоқ гүлін ұсынып жатты. Үш актердің жүгін арқалаған Асылбектің жанарында «Жантықтарға» деген ашуы «Қозыларға» деген құштарлығымен шайқасып жатты...

Эйгерім ДУНГЕНЕНОВА
«Театртану» мамандығы 3 курс



Астана 2017 жыл